

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.К., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЪЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANNOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

XFTAP 17.71.91

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>

Б.К. ОЛЖАБАЕВ¹ 

А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ² 

О. СӨЙЛЕМЕЗ³ 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан^{1,2}
Кастамону университеті, Кастамону, Түркия³
(e-mail: olzhabaev.beka@mail.ru¹, pan.abat@mail.ru², soylemezo@yahoo.com³)

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДА ТУҒАН ЖЕРДІ КИЕ ТҮТУ МОТИВТЕРІ

Аңдатпа. Түбі бір түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің, тілі мен дінінің ұқсастығы тарихи тағдырларының бір арнада тоғысқандығымен түсіндіріледі. Бір-бірімен тікелей байланыста ғұмыр кешіп, етене жақын болған туыстас халықтардың этногенетикалық және этнолингвистикалық тұрғыда бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық болмауы заңды құбылыс. Мақалада түркі халықтарының дүниетанымында ерекше орын алатын қастерлі ұғым – туған жер концепті талданып, түркі халықтарының туған жерге деген сүйіспеншіліктерінің ортақ мотивтері қарастырылды. Бұл ретте, түркологияның бірқатар мәселелері зерттелген ғылыми еңбектер негізге алынып, ағайынды халықтардың фольклор мұраларында кездесетін отансүйгіштік, ел мен жерді қорғау сынды асыл құндылықтар салыстырылды.

Туған жер кез келген халық үшін қастерлі, киелі ұғым. Адамзат баласы үшін кіндік қаны тамып, алтын бесігіне айналған жер – құт мекен концептісін құрайды. Отан, туған жер, атамекен, атажұрт сөздері түркі халықтарының дүниетанымында киелі ұғымды береді. Туған жерді кие тұту, ардақтау, қастерлеу түркі халықтарының көне замандарда пайда болған аңыз-әпсаналарынан бастап, барлық ауызша әдебиет мұраларынан көрініс табады. Татар, қазақ, қырғыз, башқұрт халықтарының ауыз әдебиетіндегі туған жерді кие тұту мотивтерінің ұқсастығы бауырлас халықтардың тамыры тереңде жатқан тарихи-мәдени дамуымен тығыз байланысты.

Түйін сөздер: түркі халықтары, концепт, мотив, фольклор, ауыз әдебиеті, батырлық жырлар, эпос, сюжет.

Кіріспе. Қазақ, түрік, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен және басқа да түркі халықтарының тарихи тағдырларында ғасырлар бойы ортақ ұқсастықтар көп болды. Ең қиын жағдайда да бауырлас халықтар бір-бірімен жақындасуға ұмтылды. Тарихқа көз жүгіртсек, түркі халықтарының бір

этногенетикалық және этнолингвистикалық отбасына, бір ислам конфессиялық қауымына жататындығы және ортақ рухани құндылықтарға ие болуы олардың ұқсас тұстарының көптігіне анық айғақ бола алады. Көптеген ғасырлар бойы түркі халықтары бір-бірімен тікелей байланыста өмір сүрді.

Мәдени дәстүрлердің, тілдердің, әдет-ғұрыптардың ұқсастығы түркі халықтарының ауыз әдебиетінің, ақындық шығармашылығы мен фольклор мұраларының көптеген аспектілерінің тоғысқан негізі болып табылады [1, 5]. Соның ішінде тақырыбымызға желеу болған түркі халықтарының туған жерді кие тұту, туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет сынды ортақ мотивтердің өзара бауыр халықтардың фольклор мұраларынан көрініс табуын қарастырмақпыз.

Сонымен, біздің жұмысымыздың мақсаты – түркі халықтары фольклорындағы туған жерді кие тұту мотивтерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

- Осы мәселе бойынша түркология жөніндегі еңбектерді зерттеу;
- Түркі халықтарының ауыз әдебиетін, фольклор мұраларын қарастыру;
- Әдебиет ғылымындағы «туған жер» концепті мен «кие тұту» мотивінің негіздерін талдау;

Ағайынды халықтардың қаһармандық жырларында, аңыз-әңгімелерінде және мақал-мәтелдерінде кездесетін отансүйгіштік, ел мен жерді қорғау сынды асыл құндылықтарды салыстыру.

Зерттеу нысаны – түркология мәселелерін зерттеген түркітанушы ғалымдардың келелі еңбектері мен түркі халықтарының ортақ ұқсастықтарын көрсететін фольклор туындылары.

Зерттеу пәні – әдебиет.

Әдістеме және зерттеу әдістері. «Түркі халықтары фольклорындағы туған жерді кие тұту мотивтері» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысын қарастыру барысында көптеген ғылыми еңбектерге жүгіндік. Олардың ішінде түркология тақырыбында көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың аталмыш тақырыпқа арналған ғылыми монографиялары мен әдістемелік еңбектерін, мақалаларын қарастырдық.

Тақырыпты зерттеу барысында ғылыми зерттеу әдістерінің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдандық. Тақырыпқа сай материалдарды, түрлі ғылыми еңбектерді эмпирикалық әдістің жинақтау, зерттеу, бақылау тәсілдері арқылы талдасақ, теориялық әдістің анализ, синтез, салыстыру тәсілдері арқылы ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстырып, ұқсас бөліктерін бір арнаға тоғыстырдық [2,12].

Талқылау мен бақылау. Концепт ұғымы көркем әдебиетте мәдениеттің дамуымен және әр автордың шығармашылығымен енгізілген жаңа және жеке ұғым. Осыған байланысты концепт ұғымының әмбебап ұғымдардан айырмашылығы заттар мен құбылыстардың жалпылама мағынасын қамтитын

көркемдік ұғымдарды білдіруінде. Концепт автордың идеялық стилін, оның поэтикалық сурет әлемін, ассоциативтілік негізінде туындайтын идеялар, сезімдер, эмоциялар кешенін анықтайды.

Концепт ұғымы мәдени кең кеңістікте бар және әр халықтың өзіне тән менталитетін анықтайтын, сонымен қатар «сол халықтың тілі мен ойлау тәсілімен, дүниетанымының түрімен анықталатын» экзистенциалды-мәдени формацияны білдіреді [3, 6]. Концепт халықтың рухани және практикалық білімін жинақтайды, олардың ойлау жүйесін, нормалары мен мінез-құлқын білдіреді.

«Туған жер» концепті кез келген халықта бар. «Туған жер» концепті де әрбір халыққа тән өзіндік рухани дүниетанымы мен менталитетінен көрініс тауып отырады. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт және тағы да басқа түркі халықтарының түсінігінде «туған жер» концепті өте құнды, қымбат дүниені білдіреді. Түркі халықтары үшін «туған жер» мен «ел» концепті адамның кіндік қаны тамып, ғұмыры басталған қасиетті мекенді, киелі атақоныс, атажұртты бейнелейді. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде, фольклор мұраларында туған жерге деген терең сүйіспеншілік, мол махаббат сол халықтардың батырлық жырларында, аңыз-әпсаналарында, жыр-дастандарында кеңінен баяндалады.

Мотив (лат. moveo – «қозғаламын») сюжеттің ең қарапайым құрамдас бөлігі болып табылады. Фольклорлық-мифологиялық мотив – бір емес бірнеше фольклорлық-мифологиялық мәтінде кездесетін бейне мен эпизод немесе бейнелер мен эпизодтардың жиынтығы [4,5]. «Кие тұту» мотиві қазақ халқының дүниетанымдық ерекшелігін анықтайды. «Кие» ұғымы қазақ халқы үшін де, басқа да бауырлас түркі халықтары үшін де белгілі бір заттың, жануардың, мекеннің сакральдылығын білдіретін ұғым. Халық арасында кездесетін «киесі ұру», «киесі тию» сынды ұғымдар дәл осы қасиетті, киелі дүниелерге залал келтірген жанның басына келетін зиянды білдіріп тұр.

Туған жер ұғымы да түркі халықтары үшін қастерлі, киелі ұғымдардың санатында. Отанды құрметтеу, сүю, ел мен жерді қорғау, туған жердің бостандығы үшін жанын пида ету сынды абзал қасиеттер туған жерді кие тұтудың жарқын көріністері. Түркі халықтарына ортақ туған жерді кие тұту мотивін ағайынды елдердің ғасырдан-ғасырға шежіре болған құнды фольклор мұраларынан аңғарамыз.

Фольклор - адамдарды біріктіретін мәдени, біртұтас жүйе ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың дүниетанымын бейнелейтін этнофилософиялық құбылыс [5, 795].

Қазақ, қырғыз, татар және тағы да басқа түркі халықтарының эпикалық ертегілері – батырлық дастандарының мотивтерінің ұқсастығы тамыры тереңге жайылған ежелгі заманнан бастау алуы – түркі халықтарының тарихи-мәдени дамуымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Түркілік жыр-дастандардың

поэтикасына, желілік құрылымына назар салсақ, биік те, киелі, шынайы құбылыстардың кең қамтылғанын, ғұрыптық, салта-саналық, астарлы образдардың бір-бірімен тығыз байланыста екендігін көреміз.

Түркі халықтарының дүниетанымының келесі бір ерекшелігі – Отанға деген сүйіспеншілік. Бұған барша түркі халықтарына ортақ ежелгі тастағы жазба Орхон-Енисей жазбалары дәлел. «Ер-Су(б)» (түрк. «Жер-Су») түркі мағынасында туған жер ұғымының синонимі ретінде біртұтас тұтастықты көрсетеді. Көне түркілер еліне, туған жеріне деген сүйіспеншіліктің алдында бас иген. «Удук Ер-Су(б)» (Қасиетті Жер-Су) ежелгі түркі халықтарының дүниетанымы бойынша жер әлемінің құдайы саналды [6, 25]. Ата-бабаны, Отанды ардақтау, оған деген сүйіспеншілік – түркілердің саяси идеяларындағы негізгі ұғым. Жалпы, түркі халықтарының тұрмысында орын алған әдет-ғұрыптардың барлығы отансүйгіштікке, тарихты, әсіресе көне тарихты білуге ықпал етті.

Түркі халықтарының туған жерді үлкен Тәңіріге балап, кие тұтуы түркі халықтарының ежелгі жазба ескерткіштерінен де анық көрінеді. «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғанда, олардың арасында адам баласы жаратылды». Тасқа қашалып жазылған ежелгі түркілердің ескерткіші Күлтегін құлпытасы дәл осы сөздермен басталады. Көне түркілер дүниенің пайда болуын осылайша елестеткен. Түркілер танымында қалыптасқан аңыз-әпсана бойынша бастапқыда Аспан мен Жер бірге өмір сүріп, дүниеде хаос орын алды. Бірақ бір күні Аспан мен Жер бір-бірінен айырылды: жоғарыда ашық аспан, төменде қара жер пайда болды. Адам бір мезгілде Аспанның да, Жердің де ұлына айналды. Ол Аспан мен Жерді бейберекетсіздіктен ажырататын қаһарман ретінде және аяғын жерге қойып, аспан қоймасын қолымен ұстап тұрды. Ол аяғына нық тұрып, басы аспанға тиіп тұрғандықтан физикалық тұрғыдан мықты (татарлар арасында бақытты адам туралы: «башы күкке тиған» - басын аспанға тигізді). Жер мен Тәңір бір принциптің екі жағы ретінде қабылданды. Адам жер бетінде туып, өмір сүрген. Жер оның мекені, мәңгілік тұрағына, қастерлі үйіне айналды.

Көне түркілердің дүниетанымында «туған жер» ұғымы кеңістікпен тығыз байланысты болған. Бұл дамыған кеңістік, орта дүние, өмір сүруге қолайлы дүние. Ежелгі түркілер өз атамекенін Жердің, тіпті Ғаламның орталығы деп санаған.

Алтын Орданың «Идегей» дастанында «Көк-Төбе – Жердің өзегі» деген жол бар. Мұнда «Төбе» сөзі атамекен мағынасында қолданылған. Құрылу барысында Жошы Ұлысы екіге бөлінді: Ақ Орда және Көк Орда. Көк Орда немесе Көк Төбе мемлекеттің шығыс бөлігін алып жатты.

Түркі халықтарының өзге дүние, игерілмеген кеңістік, яғни «туған жер» туралы аңыз-әпсаналары кейінірек аңызға айналған Яжуж және Мажуж

халықтары және Ескендір Зұлқарнайынның аңызға айналған жорықтары туралы құран хикаяларымен толықтырылады.

Түркі халқын құраған барлық халықтар туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, туған мекенді кие тұтуды культ дәрежесіне дейін көтерген. Түркілердің туған жерге деген махаббатының күшті болғаны сонша, олардың тіпті өз тәуелсіз құдайы болған. Бұл ғаламның ортаңғы қабатының құдайы – жердегі құдай Удук Йир-Суб («Қасиетті Жер-Су») болды. «Жер-Су» – «туған жер», «туған мекен» сөздерінің синонимі. Оның культі тау, көл, өзен, және жердің рухына, табиғатқа, «туған жер – жасыл бесікке» тәңір ретінде табынумен байланысты.

«Жер-су туралы ежелгі халықтық түсінік-пайымдаулар ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге жасалған, тіпті адам санасының қалыптасып, қоршаған ортаны тануына негіз болған факторлардың бірі деп қарау керек. Қазіргі отан ұғымы немесе атамекен, туған жер, кіндік кескен мекен деп жүргеніміз түптеп келгенде байырғы көне түркілік «жер-су» деген түсініктен шығады» [7, 9].

Сол көне дәуірде тұрғылықты жерді түркілер белгілі бір мекен ретінде емес, Жер-Су тәңірінің рухымен киелі мекен ретінде қабылдап, бұл жерді Отан (Ил) деп атаған. Орхон жазбаларында Жер-Су (Йыр-Суб транскрипциясында жазылған) Тәңірімен бірге айтылады: «Жоғарыда түріктердің Тәңірі мен түркінің киелі Йыр-Суб былай деп айтқан: «Түркі жұрты жоғалып кетпесін! Адамдар өмірін жалғастырсын!», «Аспаң, Ұмай мен Йыр-Су бізге жеңіс сыйлады». Бірақ, бұл жазуларда Йыр-Су атауы діни мағынасы жоқ белгілі бір елді мекен немесе аумақ мағынасында да қолданылған: «Ата-бабамыздан бері қожайынсыз болған Йыр-Су (ел) қалмасын» [6, 28].

Йыр-Суды, яғни туған жерін кие тұтып, құрметтеген түркілер жер бетінде уақытша өмір сүретініне сенімді болды. Олар физикалық дененің өлімінен қорықпады, өйткені, бұл өмірдің табиғи жалғасы астральды жазықтықта болатынына сенді. Оның үстіне, адамдар табиғат пен Жердің рухтарымен шынайы байланыста болып, өздерінің киелі туған жеріне айналған табиғатқа ешқандай зиян келтірмеді.

Көне түркі ескерткіштерінде түркілердің Отаны, қасиетті атамекені «түркі халықтарының йыр-суы» деп мақтанышпен аталды. Византия тарихшысы Теофилак Симокатта ежелгі түркілер туралы: «Олар жерге гимн айтады, олардың сиқыршылары жерді шақырып, одан күш сұрайды», - деп түркі халықтарының дүниетанымындағы киелі туған жерге айналған жер-судың рөлін атап өтеді. Татарлардың ауызекі сөйлеу тілінде және қазіргі уақытта шағын Отанды «йыр-су» («жер-су») деп атайды. Татар тілінде сағынышты білдіретін тағы бір сөз бар: «жырсу». Қазіргі татар тілінде бұл сөз «көп аңсау» (ностальгия) деген мағынаны білдіреді. «Жырсу» ұғымы мен ежелгі түркі құдайы Йыр-Суб (Жер-Су) есімінің байланысы ерекше күмән тудырмайды.

Жерге табыну татар халқының әдет-ғұрыптарында соңғы заманға дейін сақталып келді.

Жер-су атауы қазақ ұғымындағы ғана кеңістік емес, ол ұлттан кәрі көне замандарда ру, тайпалық одақтар кезінде қалыптасқан болса керек, сондықтан да түркі тілдес халықтарға ортақ ұғым [7, 86].

Демек, көне түркілер туралы аңыз-әпсаналарға көз жүгіртсек, түркі халықтарының дүниетанымында атамекен ұғымы туған табиғат ұғымымен тығыз байланысты болған.

Нәтижелер. Қырым татарларының «Чора батыр» дастаны, қырғыздың «Ер Табылды», қазақтың «Алпамыс» эпосын салыстырмалы типологиялық зерттеу эпикалық ертегілердің сюжеті мен композициялық ұйымдасуы жағынан көп ұқсастықтардың бар екенін көрсетті. Жоғарыдағы қаһармандық дастандардың әрқайсысы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде бас кейіпкердің жаумен шайқасқа дейін болған оқиғалары баяндалса, екінші бөлімде халық батырының тұтқынға түсуі, оның зынданда немесе жат жерде азап шегіп, туған жерін сарыла сағынуы, атажұртына ұзақ оралуы баяндалады. Батырлық дастандардың бірінші бөлімінде қаһармандардың іс-әрекеті біршама өзгеше болса, екінші бөлімінде оқиғалардың дамуындағы, кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетіндегі ұқсас мотивтерді байқау қиын емес. Қырым татары Чора батыр, қазақ батыры Алпамыс пен қырғыз батыры Ер Табылды бейнесінде ортақ нәрсе көп. Үш батырға да тән тамаша қасиеттер олардың жаужүрек батырлығы, туған елі мен жері үшін көзсіз ерліктерге баруы, жаумен соғысқанда отқа жанбауы, суға батпауы, қылыш кеспеуі, жебе жетпеуі.

Қырғыздардың «Ер-Төштюк» батырлық эпосы қазақтардың бірнеше нұсқасы бар ауызша халық шығармашылығында батырлық ертегі ретінде бейнеленген «Ер-Төстік» эпосына қатты ұқсас. Қазақтың «Ер-Төстігі» қырғыздардан идеялық бағыт-бағдары жағынан да, тақырыбы жағынан да, басты кейіпкерлердің образдарының сипаты жағынан да қатты ерекшеленбейді. «Ир-Тушлук» деген атпен бұл ертегілік дастан татар халқында да бар. Жырларда кездесетін көптеген батырлардың да есімдері ұқсас. Ағайынды елдердің ауыз әдебиетін құрап тұрған аттас шығармалардың барлығында жанрлық айырмашылықтарына қарамастан, бір эпизодтар, кейіпкерлердің ұқсас сипаттары кездеседі.

Қазақ пен қырғыз, қарақалпақ халықтарының батырлық дастандары жанрлық жағынан алуан түрлі болғанымен, сюжеті, тақырыбы ортақ. Басты кейіпкерлердің мінездері де бір-бірінен еш айрықшаланбайды. Азулы дұшпан – айдаһар және басқа да зұлым күштер, батырдың сенімді досы – жақсы ат, батырдың басты миссиясы - елі мен жерін қорғау, туған жерін кие тұту, мұның бәрі қазақтар мен қырғыздардың ғана емес, басқа түркі халықтарының да фольклорына арқау болған деген тұжырымға негіз береді. Әсіресе жыр-дастандардың сюжетінде, пейзаждық очерктерде, кейіпкерлердің мінез-

құлқында, жақсылық пен жамандықтың өзара күресінде, қаһармандардың Отанын қорғау үшін түрлі зұлым күштермен ерлік күрестерінен айқын көрінетін бейнелер.

Қазақ пен қырғыз халықтарының эпостық шығармаларында да ортақ қаһармандардың батырлығы, ерлігі, өздері туып-өскен туған жерлерін сыртқы жаулардан қорғап, халқының зор құрметіне ие болғандығы сынды ортақ мотивтер жиі кездеседі. Мысалы, қазақтың Ер-Көкшесі қырғыздың батырлық эпосы «Манаста» бас кейіпкердің досы әрі серігі ретінде бейнеленсе, қазақтың «Ер-Көкше» эпосында қырғыз батыры Манас Манашының бейнесінде жырланады. Қазақтың «Ер Көкше» жырында да, қырғыздың «Манас» жырында да үлкен басымдылық қаһармандардың жауынгерлік ерлігіне беріледі. Қос батыр да өздерінің қаһармандық іс-әрекеттерін туған жері мен елін сыртқы жаулардан қорғау кезінде кеңінен көрсетеді. Екі халықтың жыр-дастанында басқа да желілік арналар болғанымен, батырлық жырлардың ең маңызды тұсы – басты кейіпкерлердің отансүйгіштік асыл қасиеттерін паш ету. Ата-ана, туыс-бауыр, туған халқы мекен еткен, кіндік қаны тамып, жарық дүниені көрген асыл атақоныс, туған жерін үлкен кие тұтып, қастерлі ұғымға балаған ежелгі батырлар Отаны үшін отқа түсіп, қилы кезеңдердің түрлі кедергі – қиындықтарын басынан өткерген.

1856 жылы Ш.Уәлиханов «Манас» батырлық жырын алғаш рет қырғыздың бір қиссашысының аузынан естіп, қағазға түсіреді. Ғалым өзінің жазбасында жырға қысқаша баға беріп, сюжетті сызып, қазақ, ноғай аңыздарының қырғыздарға белгілі болғаны туралы өте қызық деректі атап көрсетеді [8, 29]. Ш.Уәлиханов ноғайлардың түркі халықтарының барлық салт-дәстүрінде, аңыз-әңгімелерінде, өлең-жырларында кездесетіндігіне еш таң қалмады. Ғалым тағы бір еңбегінде бұл құбылысты түсіндіре отырып, ноғайлар деп түркі халықтары мекен еткен жерді мекендеген көшпелі тайпалардың барлығын меңзеп тұрғанын, ал сюжеттер ортақтығы, батырлар ортақтығы осы халықтардың тарихи тағдырларының ортақтығынан туындайтынын атап көрсетеді. Ш. Уәлихановтың Қырғыз еліне саяхаты барысында жазып қалдырған очерктері үлкен ғылыми құндылыққа ие.

Ш. Уәлиханов қырғыздардың аңыз-әңгімелері қазақтардікі сияқты сан алуан және көп емес екенін, бірақ қырғыз халқында бірқатар тамаша аңыздар мен «Манас» дастанының бар екенін атап өтті. Ғалым эпостағы фактілер мен қырғыздар өміріндегі тарихи оқиғалардың сәйкестігін белгілеуге ерекше орын беріп, «Манас» жырының қырғыз халқының тарихын айқын бейнелейтінін атап көрсетеді.

«Ғылыми очерктерінде» Ш.Уәлиханов қырғыздар мен қазақтардың өмірдің көп саласында бір-біріне жақын, тіпті туысқан болғанымен, бөлек халық екеніне тоқталып өтеді. Ғалым «Манас» жырындағы қайсақтар мен қырғыздар жеке халық ретінде, ноғайлармен байланысты ортақ мүдделер

ретінде берілген деп жазды. Олардың арасындағы қарым-қатынас өте жақын, туыстық қатынасқа құрылған. Шығу тегі, тілі, дәстүрі ортақ болғандықтан қырғыздар мен қайсақтардың тату-тәтті ғұмыр кешкені анық.

Сонымен, Ш.Уәлиханов сенімді дереккөздер мен өзінің жеке зерттеуіне сүйене отырып, қазақтар мен қырғыздардың туысқан халық екенін, олардың ортақ тіл арқылы жақындасатынын, ауызекі халық шығармашылығын құрайтын фольклор мұраларындағы тарихи тағдырлардың, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ортақтығына негізделген сюжеттердің ұқсастығын, олардың бір-біріне жақындығын дәлелдейді.

Түркі халықтарының өзара ықпалы халық эпосы «Алпамыс» жырынан да айқын көрінеді. Алпамыс эпосының нұсқаларының әртүрлі халықтар арасындағы ұқсастығын ерекше атап өтуге болады. Қазақтар, қарақалпақтар арасында сипатталған оқиғалар қоңырат тайпасымен байланысты.

Бұл нұсқалар Алпамыстың Қоңырат басылымына негізделген. Қазақ пен қарақалпақ халқының әрқайсысы өзінің толық нұсқаларында көне сюжетті сақтағанымен, оны өзінің ауызша поэтикалық дәстүріне сай толықтырып отырған. Алпамыс эпосында Қоңыраттарға жорық жасауды Тайша, яғни Тайшық хан басқарады деп бекер айтылмаған. Қазақ және қарақалпақ халықтарының фольклор мұрасына енген батыр тұлғалы бас кейіпкер «Алпамыстың» жоңғар жаулаушыларына қарсы жеңісті де қаһармандық күресі екі ел нұсқасындағы жырда ұқсас суреттеледі. Жырда Алпамыстың туған жерін қорғау жолындағы ерлігі былайша сипатталады:

Енді Алпамыс бақырып,
«Алатаулап» ұран шақырып,
Қалмаққа жалғыз теді.
Қойға шапқан бөрідей,
Талқандап қуып бөледі.
Алтын сапты ақберен,
Деммен тартып тиеді.
Кейбірінің кесіп кәлласын,
Кейбіреуін тіледі [9, 31].

Алпамыс қазақ, қарақалпақ халықтарының санасына туған жер қорғаушысы мен асыл батырдың идеалды бейнесі ретінде бірдей енген. Түркі халықтарына ортақ жырдың әр халық нұсқасына енген қорытындысы батырдың ел-жұртын жау залалынан аман сақтап, ұзақ та қиын жорықтан туған жерін аңсап, сарыла сағынып келуімен, жақындарымен жылап көрісуімен аяқталады. Мәселен, қазақ халқының ауыз әдебиетіне енген жырдың бір нұсқасында:

Тозып кеткен ел-жұртын
Тегіс жиып алады.
Тентегі мен телісін, түзеп жөнге салады.
Атасы мен анасын,

Боз биенің сүтіне Шомылыдырып алады [9, 40].

Қазақ, қарақалпақ, татар, ноғай сынды түркі халықтарының туған жерді кие тұту мотивінің ортақтығын білдіретін тағы бір фольклор мұрасы – «Едіге батыр» жыры. Бірнеше ағайынды халықтың ортақ мұрасына айналып, әр халықтың өз тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін түрлі нұсқалары бар бұл жырда да басты кейіпкердің батырлығы, ерлігі, қаһармандығы негізгі желіге арқау болып отыр.

Қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар нұсқаларында типологиялық ұқсастықтар көп. Ұлттық нұсқаларда белгілі бір мотивтер мен тақырыптардың болуы немесе болмауы қате емес, олар бірін-бір толықтырады. Батырлық эпостың асқақ рухы барлық нұсқаларда сақталады [10, 6395-6408].

Батыр туған ер қадірлі туған жеріне қиын кезең таяп қалғанын сезіп, бар күш-қайратын қастерлі атамекенді жау найзасынан сақтап қалуға жұмсайды. Тіпті, жырда баяндалатын Едігенің көрген түсі қаһарманның алдағы тағдырын болжайды:

Мен бүгінгі түсімде
Алтыңды ер, Ақ боз ат
Жалынан тартып мініппін
Ақ сұңқар құс болыппын
Көкке таман ұшыппын,
Көкте жүрген періште
Оларға барып сөйлесіп,
Онан да ары ұшыппын
Төбедегі қоңыр қаз
Көк жүзінде іліппін,
«Тор» тауына қоныппын,
Төс етіне тойыппын.

Ғалым Р.Бердібаев «Едіге» жырында баяндалған бұл түс туралы былай дейді: «Бұл түс – Едігенің ұлы жеңісінің, қаһармандық даңқының алдын-ала ишара етілген нышаны» [11, 12]. Бірнеше түркітектес халықтың ауыз әдебиетінің сүбелі қорына айналған бұл жырда бас кейіпкер Едігенің туған жері үшін бәріне даяр ер мінезі басты назарға алынады.

Түркі халықтарының дүниетанымында туған жер қастерлі, қадірлі ұғым дедік. Әсіресе, туған жерден жырақта жүргенде атамекенге деген сағыныш, ыстық сүйіспеншілік кім-кімге болсын ерекше білінеді. Түркі танымында қадірлі, қастерлі дүниенің киесі болатынына халық шүбәсіз сенеді. Сонымен, түбі бір түркі халықтарының ұғымында туған жер Асан қайғының Жерұйығымен тең. Кең байтақ, шегі де, шеті де жоқ ұлан даладан түркі тектінің іздегені – Жерұйық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын құтты мекен, жайлы жер. Жерұйық – түркі мәдени кеңістігінде байлық пен ырыстың, бақ пен берекенің, азаттықтың, бақыттың мекені. Жерұйық, құдды, жердегі жұмақ

тәрізді. Бұл туралы белгілі қазақ фольклортанушысы Сейіт Қасқабасов: «Мұсылман мифологиясындағы жұмақтың сипаты фольклордағы Жерұйық, немесе бақытты арал іспеттес. Онда, яғни жұмақта адам рахат ғұмыр кешеді...» [12, 57] – деп жазып кеткен.

Ағайынды түркі халықтарының дүниетанымындағы ғажайып мекен, қастерлі туған жердің киелілігі қазақ әпсаналарында «Жерұйық», «Өтүкен», «Үш қиян», «Сарыарқа», «Жиделі-Байсын» сипатында көрініс тауып отырған. Туған жердің сары топырағы, тау-тасы, саф ауасы, кең жазығы әрбір түркі халқы үшін құтты қоныс болумен қатар, сол халықтың елдігін, егемендігін, киелілігін танытатын символдық атауларға айналған. «Кие тұту» мотивіне әбден лайықты түркі халқы үшін жердің қазығы – Жерұйыққа айналған туған жер ұғымы түркілік танымдағы тәуелсіздік ұғымымен тығыз байланыстырылады.

Қорытынды. Туған жер кез келген халық үшін қастерлі, киелі ұғым. Адамзат баласы үшін кіндік қаны тамып, алтын бесігіне айналған жер құт мекен. Отан, туған жер, атамекен, атажұрт сөздері түркі халықтарының дүниетанымында да өте киелі ұғымды береді. Түбі бір түркі халықтарының этногенетикалық, этнолингвистикалық ұқсастықтарынан бөлек, туған жерді кие тұтуында да ортақ мотивтердің кездесетінін қаны бір ағайынды халықтардың ауыз әдебиетін, фольклор мұраларын зерттеген түркітанушы ғалымдардың еңбектерін қарастыра отырып көз жеткіздік. Түркология мәселелеріне арналған келелі ғылыми еңбектерде түркі халықтарының ауыз әдебиетінде ертегілерге қарағанда көлемді эпостық жырлардың әлдеқайда көп екендігін аңғарамыз. Бұл мүмкін, түркі халықтарының көшпелі тұрмыс кешіп, ылғи да жаугершілікпен өткізген өмір салтына да байланысты болар. Әсіресе батырлық жырлар түркі халықтарының талайлы тарихының ажырамас бір шежіресі іспетті.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең бір бай саласы - батырлар жыры болып табылады. Қазақтың батырлар жыры саны жағынан өте көп және кең көлемді болып келеді. Батырлық жырлардың тақырыбы ел қорғау, сондағы жеке батырлардың ерлік істері туралы. Ол мүмкін қазақтардың түркі тайпаларының ішіндегі көшпелі ғұрыпты ұстанған жауынгерлік рухымен де байланысты болса керек. Сол секілді, ағайынды қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, татар халықтарының да фольклор мұраларының басым бөлігін қаһармандық жырлар алып жатыр.

Түркі халықтарының фольклорлық мұралары ХІХ ғасырдан бастап қана жиналып, зерттеле бастады. Алғаш мұндай мол мұраға назар аударып, зерттей бастағандар орыс оқымыстылары болған. Олардың қатарында Радлов, Ильминский, Остраумов, Потанин секілді ғалымдарды атап айтуға болады. Ал ертеректе қазақ ғалымдарынан бұл салада елеулі еңбек қалдырғандар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев болды [13, 28]. Қазіргі таңдағы түркі халықтарының фольклорының дамуы туралы айтқанда міндетті түрде әйгілі түркітанушы Н.Катановты да айта кеткеніміз дұрыс. Ол - көптеген

түрік фольклорлық туындыларын орысшаға алғашқы болып аударғандардың бірі [14, 182]. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кездесетін фольклор мұраларының бір жанры - батырлық жырларындағы оқиғалардың алуан түрлі сюжеттерге құрылуы, басты кейіпкерлердің әрқайсысының даралана бейнеленуі, әрбір образдың өзіндік мінез бен портреттерінің болуы олардың өзіндік ерекшелігін танытып тұрғанымен, әр эпостық дастанның тақырыптары, идеялық мұраттары бірсарындас болып келеді. Әсіресе, батырлық дастандардың басты кейіпкерлерінің көзсіз ерлігі, жаужүректігі, туған жерін ардақтауы, киелі туған жерін сыртқы жаулардан қорғауы, жойқын жорықтар кезінде түрлі қиындықтармен бетпе-бет келіп, соңында дін аман қалуы, бәрі-бәрі түркі халықтарының әдебиетіндегі ортақ мотивтердің көптігін білдіреді.

Татар, қазақ, қырғыз, башқұрт халықтарының ауыз әдебиетіндегі туған жерді кие тұту мотивтерінің ұқсастығы бауырлас халықтардың тамыры тереңде жатқан тарихи-мәдени дамуымен тығыз байланысты. Түркі халықтарының «туған жер» концептін ерекше дәріптеген эпикалық әңгімелері – дастандар бірнеше қызмет атқарды: көркемдік, эстетикалық, адамгершілік және дидактикалық. Олар тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға қатысты халықтық көзқарастарға негізделіп отырды. Оларда сол халықтың мінез-құлқы, өмір сүру ережелерінің өзіндік кодексі сипатталды.

Туған жерді кие тұту, адақтау, қастерлеу түркі халықтарының көне замандарда пайда болған аңыз-әпсаналарынан бастап, ауызша әдебиет мұраларынан көрініс тапты. Көрші халықтардың фольклор мұраларынан халықтардың тұрмыс-тіршілігін, тарихын, діни наным-сенімін, мәдениетін көреміз және әрқайсысының фольклорлық шығармаларынан түркі халықтарының өмірін бейнелеуде көптеген тақырыптық ұқсастықтарды, бейнелі ұқсастықтарды, көркемдік құралдардың бірлігін байқауға болады. Осылайша, түркі халықтарының ауызша поэтикалық шығармашылығында оқиға мотивтерінің бірлігі қадағаланып, халықтардың ортақ тілегі, ой-пікірлері көрініс тауып, өмірдің, әлеуметтік мәселелердің, қаһармандық кейіпкерлердің тарихи суреттері ұлттық поэтикалық дәстүрмен тығыз байланыста ашылады.

Әдебиеттер

1. Қоңыратбаев Ә. Эпос және түркология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
2. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002.
3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 287 б.
4. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы 1-том. – Алматы: Толағай групп, 2010.
5. Обаева Г.С., Балтымова М.Р., Ниязова Г.М., Тоханбаева Т.З., Ұлықпанова А.З., Қазіргі прозадағы этнофольклорлық дәстүрдің сабақтастығы.

Opcción, Año 36, Especial No.27 (2020): 794-808. ISSN: 1012-1587 | ISSNе:2477-9385
<https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/32012>

6. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература, 1975. – 504 с.

7. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Монография. Жұбанов кітапханасы сериясы. – Ақтөбе: Жұбанов университеті баспасы, 2018. – 314 б.

8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

10. Асанов Ж.А., Пангереев А.Ш., Балтымова М.Р., Бораш Б.Т., Ідрісова Е.Т. «Едіге» түркі халқының ортақ мұрасы ретінде: эпостың тарихи негізі // International Journal of Environmental and Science Education, 2016, 11(14), ISBN: 13063065, Scopus, – 6395-6408 б. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1115732.pdf>

11. Къозукюрпеч // Кърым татар халкъ агъыз яратыджылыгы. Хрестоматия. – Ташкент: Уқитувчи, 1991. – 88 б.

12. Kozikurpes men Bauansiluw // Bozcigit. Dobruca Tatar Masallari. Birinci kitap. Bucuresti: Kriterion kitap iyi, 1988. – 232 s.

13. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 33: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2012. – 364 б.

14. Таимова Г.Ж., Бегманова Б.С. Түркі фольклорындағы ұлттық құндылықтардың трансформациялануы. «Керуен» ғылыми журналы, No 1, 74-том, 2022. – 355 б. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-14>

Б.К. ОЛЖАБАЕВ, А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе,
Казахстан

О. СӨЙЛЕМЕЗ

Университет Кастамону, Кастамону, Түркия

МОТИВЫ ПОЧИТАНИЯ РОДНОЙ ЗЕМЛИ В ФОЛЬКЛОРЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация. Сходство литературы и культуры, языка и религии тюркских народов объясняется тем, что их исторические судьбы переплетаются в одном русле. Закономерным явлением является отсутствие существенного различия в этногенетическом и этнолингвистическом отношении родственных народов, живших в непосредственном контакте. В статье был проанализирован концепт «Туған жер» («Родная земля»), занимающий особое место в мировоззрении тюркских народов, рассмотрены общие мотивы любви

тюркских народов к родной земле. При этом за основу были взяты научные труды, в которых исследован ряд проблем тюркологии, сопоставлены такие ценности, как патриотизм, защита страны и земли, встречающиеся в фольклорном наследии братских народов.

Родная земля – это священное, чтимое понятие для любого народа. Для человеческого рода пуповина – это место, где капает кровь и становится золотой колыбелью. Слова «Отан», «туған жер», «атамекен», «атажұрт» дают сакральное представление в мировоззрении тюркских народов. Считать священной родную землю, почитание, прославление родной земли отражено в наследии всех устных литератур тюркских народов, начиная с преданий и мифов, возникших в древности. Сходство мотивов почитания родной земли в устной литературе татарского, казахского, киргизского, башкирского народов неразрывно связано с историко-культурным развитием братских народов, глубоко укоренившихся в их корнях.

Ключевые слова: тюркские народы, концепт, мотив, фольклор, устная литература, героические поэмы, эпос, сюжет.

B.K. OIJABAEV, A.Sh. PANGEREEV
Aktobe regional state University. K. Zhubanova
O. SOYLEMEZ
Kastamonu University, Kastamonu, Turkey

MOTIVES TO CONSIDER THE HOMELAND SACRED IN THE FOLKLORE OF THE TURKIC PEOPLES

Annotation. The similarity of literature and culture, language and religion of the Turkic peoples is explained by the fact that their historical destinies are intertwined in one channel. A natural phenomenon is the absence of a significant difference in the ethnogenetic and ethnolinguistic attitudes of related peoples who lived in direct contact and close to each other. The article analyzed the concept of “homeland”, which occupies a special place in the worldview of the Turkic peoples, and considered the common motives of the love of the Turkic peoples for their native land. At the same time, scientific works were taken as a basis, in which a number of problems of Turkology were investigated, values such as patriotism, protection of the country and land found in the folklore heritage of fraternal peoples were compared.

The native land is a sacred, revered concept for any nation. For the human race, the umbilical cord is a place where blood drips and becomes a golden cradle. The words «Отан», «атамекен», «туған жер», «атажұрт» give a sacred representation in the worldview of the Turkic peoples. To consider the native land sacred, the veneration and glorification of the native land is reflected in the heritage of all the

oral literatures of the Turkic peoples, starting with the legends and myths that arose in antiquity. The similarity of the motives of wearing the native land in the oral literature of the Tatar, Kazakh, Kyrgyz, Bashkir peoples is inextricably linked with the historical and cultural development of fraternal peoples deeply rooted in their roots.

Keywords: Turkic peoples, concept, motive, folklore, oral literature, heroic poems, epic, plot.

References

1. Qoñyratbaev Ä. Epos және türkologia. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 208 b.
2. Qasqabasov S. Janazyq. – Astana: Audarma, 2002.
3. Qabdolov Z. Ädebiet teoriasynyñ negızderi. – Almaty: Atamūra, 2008. – 287 b.
4. Uälihanov Ş. Köptomdyq şyğarmalar jinağy 1-tom. – Almaty: Tolağai grupp, 2010.
5. Obayeva G.S., Baltymova M.R., Niyazova G.M., Toxanbayeva T. Z., Ulikpanova A. Z. Continuity of ethno-folklore tradition in modern prose. Opción, Año 36, Especial No.27 (2020): 794-808. ISSN:1012-1587 | ISSN:2477-9385 <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/32012>
6. Bahtin M. Voprosy literatury i jestetiki. – M.: Hudozhestvennaja literatura, 1975. 504 s.
7. Pangereev A.Ş. Jer-su ataulary және ұлттық руhaniat. Monografia. Jūbanov kitaphanasy seriasy. – Aqtöbe: Jūbanov universiteti baspasy, 2018. – 314 b.
8. Ybyraev Ş. Epos әlemi. Qazaqtyñ batyrlyq jyrlarynyñ poetikasy. – Almaty: Ğylym, 1993. – 296 b.
9. Marğūlan Ä. Ejelgi jyr, aңызdar. – Almaty: Jazuşy, 1985. – 368 b.
10. Asanov J.A., Pangereev A.Ş., Baltymova M.R., Boraş B.T., Idrisova E.T. «Edige» türkı halqynyñ ortaқ mūrasy retinde: epostyñ tarihi negızı // International Journal of Environmental and Science Education, 2016, 11(14), ISBN: 13063065, Scopus, – 6395-6408 b. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1115732.pdf>
11. K'ozukyurpech // K'irimtatar creation of the people. Xrestomatia. - Tashkent: Teacher, 1991. - 88 b.
12. Kozikurpes Bauansiluw / / Bozcigit. Dobruca Tatar Masallari. The kitap. Bucuresti: kitap İyi Criterion, 1988. – 232 s.
13. Babalar sözi: Jüz tomdyq. T. 33: Batyrlar jyry. – Astana: Foliant, 2012. – 364 b.
14. Taimova G.J., Begmanova B.S. Türkı fökloryndağy ұлттық qūndylyqtardyñ transformasialanuy. «Keruen» ğylymi jurnaly, No 1, 74-tom, 2022. – 355 b. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-14>

Авторлар туралы мәліметтер

Олжабаев Бекарыс Кобланулы – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Ақтөбе, Қазақстан.

Олжабаев Бекарыс Кобланулы – докторант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан.

Olzhabayev Bekarys Koblanuly – doctoral student, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

Пангереев Абат Шамович – филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

Пангереев Абат Шамович – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан.

Pangereyev Abat Shamovich – doctor of philological sciences, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

Сөйлемез Орхан – философия докторы (PhD), Кастамону университетінің профессоры, Кастамону қаласы, Түркия

Сөйлемез Орхан – докторы философии (PhD), профессор Университета Кастамону, Кастамону, Турция.

Soylemez Orhan – Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey.